

**ӘОЖ 811.512.122\*373.6**

*Елубай А.М., Тулекова Г.Х., Сұранишева Н. Р.  
Азаматтық авиация академиясы*

## **АВИАЦИЯ САЛАСЫНА ҚАТЫСТЫ КӘСІБИ ТЕРМИНДЕРДІ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ**

### **ЭФФЕКТИВНЫЕ МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ОБУЧЕНИЯ ПРОФЕССИОНАЛЬНЫМ ТЕРМИНАМ, ОТНОСЯЩИМСЯ К АВИАЦИОННОЙ ОТРАСЛИ**

#### **EFFECTIVE METHODS AND APPROACHES TO TEACHING PROFESSIONAL TERMS RELATED TO THE AVIATION INDUSTRY**

**Аңдатпа.** Мақалада авиация саласына қатысты кәсіби сөздерді оқытудың тиімді әдістері мен тәсілдері қарастырылған. Маманның кәсіби бағыттылығын, іскерлігін қалыптастыру. Жоғары оқу орнында білім беру-қоғам дамуының негізгі жолы. Сондықтан кәсіптік білім беруде өтілетін тақырыптар,соның ішінде жоспарлау мәселесі, ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделуі тиіс. Білім беруде жаңа технологиялардың пайда болуы оқытушыдан әдістемелік-технологиялық біліктілікті талап етеді. Себебі, оқытушы өз қызметінің негізгі субъектісі студенттің жеке басымен жұмыс істейді. Студенттердің мүмкіншілігіне, қажеттілігіне, білім берудің мақсаты мен міндеттеріне негізделмеген оқыту нәтиже бере алмайтындығы және тәжірибенің жаңа бағыты жөнінде сөз қозғалған.

**Түйін сөздер:**кәсіби сөздер,кәсіби бағытталған,практикалық оқыту,оқыту дағдысы.

**Аннотация.** В статье рассмотрены эффективные методы и приемы обучения профессиональной речи, относящиеся к авиационной отрасли.Формирование профессиональной направленности,умений специалиста.Образование в высшем учебном заведении-основной путь развития общества. Поэтому темы, проходящие в профессиональном образовании, в том числе вопросы планирования, должны основываться на последних достижениях науки.Появление новых технологий в образовании требует от преподавателя методико-технологической квалификации. Потому что основной субъект своей деятельности преподаватель работает с личностью студента.Речь идет о том, что обучение,не основанное на возможностях, потребностях студентов, целях и задачах образования, не может дать результатов и новое направление практики.

**Ключевые слова:** профессиональные речи, практическое обучение, навыки обучения.

**Abstract.** The article discusses effective methods and approaches to teaching professional words related to the aviation industry. Formation of professional orientation and business skills of a specialist. Education in a higher education institution is the main way of society's development. Therefore, the topics covered in vocational education, including planning issues, should be based on the latest achievements of science. The emergence of new technologies in education requires methodological and technological competence from the teacher. Because the teacher works with the student's personality, the main subject of his activity. It is noted that learning, which is not based on the capabilities, needs of students, goals and objectives of education, cannot give results, and a new direction of practice.


**Keywords:** professional words, professional orientation, learning skills.

**Кіріспе.** Бүгінгі күн талабы-маманның кәсіби бағыттылығын, іскерлігін қалыптастыру. Жоғары оқу орнында білім беру-қоғам дамуының негізгі жолы. Сондықтан кәсіптік білім беруде өтілетін тақырыптар, соның ішінде жоспарлау мәселесі, ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделуі тиіс. Білім беруде жаңа технологиялардың пайда болуы оқытушыдан әдістемелік-технологиялық біліктілікті талап етеді. Себебі оқытушы өз қызметінің негізгі субъектісі студенттің жеке басымен жұмыс істейді. Студенттердің мүмкіншілігіне, қажеттілігіне, білім берудің мақсаты мен міндеттеріне негізделмеген оқыту нәтиже бере алмайтындығы және тәжірибенің жаңа бағыты жөнінде сөз қозғалған. Қазіргі кезде білім жүйелерін технологиялық негізде құру педагогикалық ғылым мен тәжірибенің жаңа бағыты болып отыр».

**Негізгі бөлім.** Авиация саласы бойынша жазылған «Авиациялық ағылшын тілі» кафедрасының профессоры, фил.ғ.к., Г.Қ. Төлекованың «Кәсіби қазақ тілі» атты оқу құралындағы мәтіндерді, терминдерді түсіндіру кезінде тіл мамандары ең алдымен ана тіліміздің өз мүмкіндігін, төл байлығын, жалпы халықтық сөздерді, әдеби тілді пайдаланады. Мәселен, ұшып-қону жолағы, Алматы әуежайындағы тексерме қызметі, халықаралық рейстер, әуе кемелеріне қызмет көрсету, ұшақпен жүк тасымалдау туралы ақпарат, бортинженер, әуежолы мәтіндерін өткен кездегі тақырыптың жүйелілік, логикалық байланыс жағын да ескереміз, сондай-ақ студенттердің есінде жатталып, сақталып қалу үшін, лексикалық қайталаулар жүргіземіз. Яғни авиациялық терминдердің лексикалық мағынасын қазақша түсіндіру жағын қарастырамыз. Ол үшін тақырыптың мазмұнына сәйкес тиісінше сұрақтар, сұхбаттар, тапсырмалар беріледі.

Жаңа сөздерді меңгертуде-сөздер жалаң күйде ғана жазылмай, өзі тіркесетін меңгеретін, анықтайтын сөздермен қоса берілуін көздейміз. Сонымен, «**Ұшып-қону жолағы**» атты тақырып бойынша алдымен:

1. «**Ой қозғау**» стратегиясын қолданып, студенттерді ойлануға шақырамыз.



2. «**Ұшып қону жолағына**» анықтама береміз.

**Ұшып- қону жолағы**-аэроайлақтағы ұшақтардың ұшуы мен қонуына арнайы жабдықталған бөлігі.

3. Содан кейін осы **жолақ** сөзіне басқа да сөздердің тіркесуі арқылы бірнеше сөз тіркестерін жасап, жолақ терминінің қолданыстағы мағынасын ашамыз:

аналитикалықтық жолағы-полоса аналитичности  
 атқылау жолағы-полоса обстрела  
 әуе жолдарының жолағы-полоса воздушных подходов  
 барлау жолағы-полоса разведки  
 басып озу жолағы-полоса обгона  
 бәсеңдету жолағы-полоса ослабления  
 бүркемелеу жолағы-полоса прикрытия  
 бірмәнділік жолағы-полоса однозначности  
 екпіндеу жолағы-полоса разгона  
 жергілікті қозғалыс жолағы-полоса местного движения  
 жиіліктер жолағы-полоса частот  
 жиілікті тербеу жолағы-полоса качания частоты  
 қабылдағыштың өткізу белдеуі-полоса пропускания приемника  
 қамтамасыз ету жолағы-полоса обеспечения  
 қара жолақ түтін қаланы басып тұр-темная полоса дыма висит над городом  
 қарсыласу жолағы-полоса сопротивления  
 қауіпсіздік жолағы-безопасности  
 қоғамдық көлікке арналған жолақ-полоса для общественного транспорта  
 қозғалыс жолағы-полоса движения  
 қорғаныс жолағы-полоса обороны  
 модульделетін сигналдар жиіліктерінің жолағы-полоса частот модулирующих сигналов  
 оқ ату жолағы-полоса огня  
 орамалдың қызыл жолақтары-красные полосы платка  
 өткізу жолағы-полоса пропускания  
 өшу жолағы-полоса затухания  
 радиоқабылдағыштың өткізу жолағы-полоса пропускания радиоприемника  
 спектр жолағы-полоса спектра  
 сүзгіні кідірту жолағы-полоса задерживания фильтра  
 сүзгінің өткізу жолағы-полоса пропускания фильтра  
 сырғу жолағы-полоса скольжения  
 сіңіру алқабы-полоса поглощения  
 тежеу жолағы-полоса торможения  
 тұрақтау жолағы-полоса стоянки  
 шегініс жолағы-полоса отступления  
 шығару жолағы-полоса испускания чего-л

4. Екі бағанды сәйкестендіріңіз деген тапсырманы орындату арқылы жаңа сөздердің мағынасын ашамыз.

1. Ұшып-қону	а) қызметі
2. Тексерме	б) жолағы
3. Халықаралық	в) рейстер
4. Жүк	с) кемелері
5. Әуе	д) тасымалдау

5. Әуе, ұшып-қону жолағы, Алматы әуежайындағы тексерме қызметі, халықаралық рейстер, әуе кемелеріне қызмет көрсету, ұшақпен жүк тасымалдау туралы ақпарат, бортинженер қызметі деген авиациялық терминдерді мынандай етістіктің түрлерімен тіркестіруге болады. (*көтерілу, ашу, жүргізу, көтерілу, жіберу, көрсету* т.б.)

6. Сабақ кезінде «Ұшып қону жолағы» сөз тіркесімен құрастырылған сөйлемдердегі терминнің қолданылу аясын қарастырайық:

1. Ұшып -қону жолағы-аэродромдағы ұшақтардың ұшуына және қонуына арнайы жабдықталған бөлігі.

2. Ұшып-қону жолағы жабындысының беріктігі мен қалыңдығы қызмет көрсететін ұшақтардың түріне байланысты болады.

3. Ұшып-қону жолағы күндізгі және түнгі бағдарлармен, белгілік және шектеу оттарымен жабдыкталады, аэродромдық апатты тоқтату қондырғылары болуы мүмкін.

4. Ұшып -қону жолағы (ҰҚЖ). Көп тараған ұшып-қону жолағының ұзындығы 1200-1500 м және ені 3050 м-дей болып келеді. [6.32]

### 7. Кестені пайдаланып, шағын әңгіме құрастырыңыздар.

Ұшып - қону жолағы	Әуежайдағы тексерме қызметі	Авиажелі	Борт инженер	Ұшақпен жүк тасымалдау туралы ақпарат	Әуе кемелеріне қызмет көрсету
--------------------------	-----------------------------------	----------	-----------------	---	----------------------------------

8. Студенттер сабақ барысында берілген тақырып бойынша «Ұшып қону жолағы» мәтінін оқып, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, тілдік дағдыларын арттырады. Міне, осындай тапсырмаларды орындау барысында тіл үйренуші терминдік қорды игере отырып, меңгерген терминдердің мағынасын, аудармасын, қолданыс аясын айыра білуге дағдыланады. Білім алушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үшін жүргізілетін жұмыс түрлері бар, олар:

1. Сұрақ-жауап (оқытушы мен студент)

2. Диалог, ауызша қарым-қатынас, жазбаша қарым-қатынас (түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады). Бұл жұмыс түрлері коммуникативтік құзыреттіліктің алғышарттары болып табылады.

### Қорытынды бөлім

Қазақ тілінің кәсіби мамандыққа бағытталған лексикасы мен терминологиясын оқыту әдістемесі сала мамандықтарына байланысты таңдап алынған лексиканы үйрету үшін, біріншіден, тіл үйренушіге жаңа сөзді қолдануға жағдай туғызу; екіншіден, сөздің мағынасын айқындап, дұрыс қолдану амал-тәсілдерін игерту (сөз→сөз тіркестері →сөйлем→мәтін); үшіншіден, сөздер мен сөз тіркестеріне қатысты грамматикалық тұлғаларды функционалды мақсатта байланыстыра үйрету; төртіншіден, сөздердің қатысым-прагматикалық мақсатын ескеру қажет. [3.32] Қорыта айтсақ, кәсіби қазақ тілін оқыту әдістемесі теориялық білім берумен қатар, болашақ мамандыққа баулиды. Білікті маман дайындау –қоғам дамуының негізгі жолы. Бүгінгі күн талабы-маманның кәсіби бағыттылығын, іскерлігін қалыптастыру. Сондықтан кәсіптік білім беруде өтілетін дәрістер ғылымның соңғы жетістіктеріне негізделуі тиіс. Жоғары оқу орнында оқитын студенттердің қазақ тілінде мамандығына қатысты ақпараттарды баяндауын жетілдіру, кәсіптік қарым-қатынас тілін дамыту үшін қазақ тілін кәсіби бағытта оқытудың әдістемесін жетілдіріп, тіл үйретудің тәсілдерін бірлікте, тығыз байланыста ұштастыра жүргізу маңызды болып табылады.

### Әдебиеттер

- 1.Әлісжанов С. Қазақ терминологиясы: теория және тәжірибе-Астана,2005-112 б.
2. Ақаев С.Т. Терминнің тілдік және танымдық сипаты. ДД. Алматы, 2002.
- 3.К.Жақсылықова. Мәтінмен жұмысты ұйымдастыру. Қазақ тілі мен әдебиеті. №5 - 1999.